

Тау ауылдық округі

Тау ауылдық округі Қайрат совхозы жерінде үлкен елді мекендер салынып, оған орналасу 1950 жылдан басталды. Ең алғаш «Большевик», «Жігер», «Коминтерн», «Сталин» колхоздарын біріктіріп, «Сталин», «Ұмтыл», «Калинин» атындағы колхоздары қосылып «Калинин» атындағы колхоз атанды. 1961 жылдың наурыз айынан «Калинин» атындағы совхоздың № 2, және 4 – ші бөлімшелері болып құрамына енді. «Қайрат» совхозы атанып өз алдына жеке отау тігуі 1965 жылдың ақпан айынан басталды. Негізгі іргетасы «Калинин» атындағы совхоздың № 2 – 4 -ші бөлімшелерінен қаланды. Совхоз барлығы 84257 гектар жерді алып жатыр. 25997 гектар жері егіс алқабы, 6515 гектар табиғи шабындық, 62126 гектар жер жайылымдылық. Халқы – 1500.

Совхоз құралған 1965 жылы 2 бастауыш мектебі болса, қазір 1 орта 1 бастауыш мектебі бар. Онда 400-ден астам жас жеткіншектер оқып , тәрбиеленуде. Оларға 42 жоғары, арнаулы орта білімді ұстаздар сабақ береді.

Колхоз топырағынан 2 бірдей Социалистік Еңбек Ерлері – Гусман Абдуллин, Иманғали Жұмаев шыққан. Совхоз еңбекшілері қатарынан бір топ «Ленин», «Халықтар достығы», «Еңбек Қызыл Ту», II – III – ші дәрежелі «Еңбек Даңқы», «Құрмет белгісі» иегерлері де шықты. Олардың қатарына: Т. Есимов, Е.Айтемов, Х.Шағыров, Т.Еслямов, Е.Имантаев, А.Қондыкеров, С.Нұрғалиев, Е. Бексейітов, Ш.Өзенбаев, Х.Хайрушев, А. Машанов, Б. Сұлтанғалиев, С. Бимуханов, К. Шманов, К. Құспанов, Р. Өтеғалиев жолдастар бар. Сол секілді совхоз тарихында бір қатар ұл – қыздары: аға шопан Талип Есімов, бұрынғы селолық Совет атқару комитетінің председателі Смайлова Ару Қазақстан Компартиясы XIV және XV съездерінің делегаттары болды. Совхоз экономикасын алға бастырудағы табыстар XI, XII бесжылдықтарда айтарлықтай көзге түсті. Шаруашылығымыз тұтас алғанда бұл жылдары әр түрлі науқандық жұмыстар көрсеткіштермен 2 рет республикалық, 4 рет облыстық Социалистік жарыс жеңімпазы атанды. Совхоз есімі Қаз. ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі «Құрмет» тақтасына жазылды.

Географиялық сипаттама : Тау ауылдық округі-Жәнібек ауданының ауылдық округі. Жер көлемі 66 мың га, халқының саны 1408 адам /2012 жылғы 1 қаңтарға/ Округ құрамына Тау ауылы, Жігер, Жұмаев елді мекендері кіреді. Солтүстігінде Қамысты ауылдық округімен,шығыс және оңтүстік-шығысында Ақоба ауылдық округімен,шығысы мен оңтүстік – шығысында Жәнібек ауылдық округімен,батысында РФ шекарасымен шектеседі. Тарихи анықтама: Қазігі Тау ауылдық округі 1992 жылғы 22 маусымнан бастап аталып келеді,бұған дейін 1965 жылдан 1992 жылға дейін қайрат ауылдық кеңесі болып аталды. 1965 жылғы 15 қаңтардағы Қазақ КСР министрлер кеңесінің №38 қаулысымен «Қайрат» кеңшары құрылған. 1965 жылға дейін Калинин атындағы кеңшардың құрамындағы ферма, одан бұрын

Тау, Сталин, Коминтерн колхоздары болып аталған.

Тау ауылы Ауылдық совет қарамағында 3 бөлімше болды. Олар: №1, №2 Калинин, №3 Большевик. Ауылдық округте 1 бастауыш, 1 жалпы білім беретін орта мектеп, 1 мәдениет үйі, 3 кітапхана, 1 дәрігерлік амбулатория, 1 – фельдшерлік-акушерлік пункт 1 балабақша, 33 шаруа қожалығы, 4 жеке дүкен бар. Ауыл көгілдір отынмен және ауыз сумен қамтамасыз етілген.

Жер аттары

«Тау» – ауылдың оңтүстік батысында биік төбешік бар, алыстан биік болып көрінеді. Ауыл ауданнан келетін жолдан биіктеу, жоғарыда тау үстінде тұрғандай көрінеді.

«Сад» – бұл жерде жабайы алма, шие теректері өскен. Осы уақытқа дейін бұл жерде теректер бар. Сондықтан Сад аталып кеткен.

«Соналы» – бұл жерде Құбай деген бай тұрған. Төрт түлікті түгел ұстаған, бірақ жылқысы бір текті қазақы Шыбық қасқа сорты болған. Жылқы болған жерде сона көп болатындықтан «Соналы» деп аталған.

«Қанды құдық» – бұл жерде төңкеріс кезінде байлар малдарын үкіметке бермес үшін бауыздап құдыққа салған. Содан Қанды құдық аталып кеткен.

«Стандарт» - бұл жерде жаңа типті кашарлар салынып, сиыр бағылды. Бір типтес салынған кашарларға байланысты Стандарт аталған.

«Жігер» – елді мекені бұрын «Қоңырат», «Большевик», «Коминтерн» колхоздары біріктіріліп, «Сталин» колхозы болып аталған. 7- жылдық мектеп, магазин, мед пункт болған.